

Мұны ұлт мәдениетіне жанашырлық дейді

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында көптеген маңызды мәселелер қамтылды. Атап айтсақ, мемлекеттің ішкі саяси тұрақтылығы, мемлекеттік институттардың рөлі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, экономиканың өзекті тетіктері, халықтың әлеуметтік қамсыздандырылуы туралы айтылды. Осылардың арасында жер туралы мәселе де өз шешімін тапты деген ойдамын. Естерінізде болса, 2016 жылы Жер кодексіне бірқатар өзгерістер енгізіліп, халық арасында түсініспеушілік туындауды салдарынан 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін мораторий жарияланған болатын.

— Мемлекет басшысы ретінде қайталап айтамын, біздің жер шетелдіктерге сатылмайды. Бұған біз жол бермейміз. Дегенмен, жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету — біздің басты мақсатымыз, — дей отырып, Қ.Тоқаев жұрт арасында дау тудырған мәселеге нүктे қойды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы көптеген азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттің жерді жалға тегін алып, игермей отырғанын тілге тиек етті. Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алып, оны жұмыс істейтіндерге беру керектігін ескертті. Үкімет пен Парламентке осыған байланысты тиісті шараларды қолға алуды тапсырды.

Сондай-ақ, Жолдауда Мемлекет басшысы қазақ тілінің мерейі үстем болуы тиістігін айқындағы. «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күштейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін. Бірақ, мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз данғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек» деді Президент. Шындығында «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қазақ тілінің мәртебесін асқақтатуға әрқайсысымыз бір кісідей атсалысқанымыз абыз.

Жолдауды зерделеп оқып шыққаннан кейін ел дамуының жаңа, бетбұрыстық кезеңі басталатынына сенім қалыптасты. Себебі, Мемлекет басшысы қоғамдық өмірдің көкейтесті мәселелерін қозғаған. Мәселен, мені Президенттің мәдениет саласына қатысты айтқан пікірлері куантты. Қ.Тоқаев: «Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көніл бөлмей отырмыз. Бұл — ең алдымен,



кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе. Олардың еңбекақысы соңғы жылдары мүлде көбейген жоқ. Соның салдарынан мәдениет қызметкерлері, әсіресе, жас мамандар жеңілдігі бар түрғын үй бағдарламаларына қатыса алмайды. Мұндай ахуал осы кәсіптің беделін түсіріп, лайықты кадрлардың тапшылығы айқын сезілуде. Келесі жылдан бастап Үкімет мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысын көбейтуі тиіс» дег атап көрсетті.

Шынында да, Президенттің мұндай қамкорлығы мен жанашырлық көзқарасы мәдениет саласы қызметкерлерінің үлкен тобына зор рухани демеу болары сөзсіз. Ал, қоғамның заман талабына сай рухани түрғыдан есіп-өркендеуі бүтінгі таңдағы аса түйткілді мәселе болып отырғаны белгілі. Демек, алдағы уақытта мәдениет саласы жаңа биіктеге көтеріліп, еліміздің дамуында өзіндік айшықты орнын табады деп білеміз.

**Еңлікhan ҚОЗЫБАЕВ,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор.**